


- Географиялық диктант
- 1.Дүниежүзі бойынша ірі қараның мал басы 1.3 млрд-қа жетіп отыр.
- 2.1-орында ҚЫТАЙ
- 3.Дүниежүзінде етті ең көп өндіретін елдер АҚШ,Қытай,Ресей, Аргентина
- 4.Өндірілетін еттің 35 %-ын ірі қара мал береді.
- 5.Дүниежүзі бойынша шошқа саны 0,8 млрд-тан асып отыр.
- 6.Дүниежүзі бойынша қой саны 1,2млрд басқа жетіп отыр.
- 7.Қазақстанда қойдың саны 2004жылы 13 млн.
- 8.Дүниежүзіндегі қойы ең көп ел. Аустралия
- 9.Құстың саны жөнінен алдыңғы орындарда АҚШ,Қытай,Ресей
- 10.Дүниежүзілік шаруашылықтың ең ежелгі және ең маңызды саласы Балық шаруашылығы
-



# §41.Қазіргі заманғы шаруашылық байланыстары. Сыртқы сауда.



- Дүниежүзілік экономиканы құрайтын ұлттық шаруашылықтар бір-бірімен **халықаралық экономикалық байланыстар** жүйесімен тығыз байланысқан. Алғашқы мемлекеттер арасында халықаралық экономикалық қарым-қатынастардың ең байырғы түрі- **сыртқы сауда**. Қазіргі заманда кез келген ел экономикасының ажырамас бөлігіне айналған сыртқы экономикалық байланыстардың құрылымы күрделеніп, аясы кеңейе түсті.



- Халықаралық экономикалық байланыс жүйесі сыртқы саудадан басқа несие-қаржылық қатынастар, жұмыс күшімен алмасу, халықаралық туризм, экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты қамтиды. XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік сыртқы саудада дамыған 25 ел жетекші орын алады. Оларға әлемдік экспорттың 84%-ы, импорттың 82%-ы тиесілі.



**3,2% ТИЕСІЛІ**

**Өзара сауда айналымы**

**АҚШ**

**КАНАДА**





## Сыртқы тауар саудасындағы жетекші елдер үлесі,% есебімен,(2000 ж)



| Елдер         | экспорт | импорт |
|---------------|---------|--------|
| 1.АҚШ         | 13,0    | 20,3   |
| 2.ГЕРМАНИЯ    | 8,9     | 8,1    |
| 3.ЖАПОНИЯ     | 8,0     | 6,1    |
| 4.ФРАНЦИЯ     | 5,0     | 4,9    |
| 5.ҰЛЫБРИТАНИЯ | 4,7     | 5,4    |
| 6.КАНАДА      | 4,6     | 3,9    |
| 7.ИТАЛИЯ      | 4,1     | 3,8    |
| 8.ҚЫТАЙ       | 4,0     | 3,3    |
| 9.НИДЕРЛАНД   | 3,5     | 3,2    |
| 10.БЕЛЬГИЯ    | 3,1     | 2,9    |



- Ел экономикасына ықпал ететін маңызды көрсеткіштердің бірі – сыртқы сауды сальдосы. Оны экспорт пен импорт көлемінің айырмасы құрайды. Жапонияның сыртқы саудасына тұрақты оң сальдо (экспорт көлемі импорттан артық) тән болса, АҚШ-тың сыртқы сауда айналымы теріс мәнге ие.






- Сыртқы сауданы халықаралық дәрежеде реттеу бағытында 1947 жылы Тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісім деп аталатын халықаралық ұйым пайда болды. Бұл құрылым негізінде 1995 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымы құрылды. Қазіргі кезде құрамында 132 ел бар.





2004 жылы Қазақстанның сыртқы сауда көлемі 32 877 млн АҚШ долларын құрады. Оның 61%-ы экспортқа тиесілі.



*Сонымен, Дүниежүзілік  
сыртқы сауда-  
халықаралық географиялық  
еңбек бөлінісі негізінде  
ұлттық  
шаруашылықтарды өзара  
байланыстыратын  
маңызды сала*



- Сыртқы сауда сальдосы деген не?
- Дүниежүзілік сауда деген не?
- Дүниежүзілік сауда ұйымының маңызы қандай?
- Халықаралық экономикалық байланыстар түрлері?
- Қазақстанның сыртқы саудасының болашақта даму бағытына өз ойыңды жаз



# §42. Халықаралық қаржы-қаражат жүйесі



- **Халықаралық экономикалық қатынастардың маңызды буындарының бірі- халықаралық қаржы-қаражат жүйесі.**  
**Халықаралық қаржы-қаражат қатынастары халықаралық нарық жүйесінің үш ірі құрылымының өзара әрекетінен туындайды.**



Халықаралық  
қаржы-  
қаражат жүйесі

Валюталық

Несиелік

ИНВЕСТИЦИЯ  
ЛЫҚ






**Халықаралық валюталық  
қатынастар – халықаралық  
экономикалық  
қатынастардың ең елеулі  
және қажетті саласы.**





Ол әлемдік экономикалық байланыстарда валютаның қызмет етуін, үніе жүзілік шаруашылық салаларының өнімдерінің айырбасын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады. Әр елдің ұлттық ақша бірлігі болады. Түрлі себептермен ақша бірлігі ұлттық шекараның сыртына шықса, ол жаңа сапаға ие болады, яғни валютаға айналады.







- Ұлттық валюта – әр елдің ұлттық ақша бірлішгі алтын, күміс және қағаз ақша түрінде қолданылады. Ең көп қолданысқа түсетіні- қағаз ақшалары. XX ғасырдың 80-жылдарында Батыс Еуропада аймақтық еуропалық валюталық жүйе қалыптасты. Оның ақша бірлігі болып экю қабылданды.






- 1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуропа Одағының ортақ валютасы- еуро енгізілді.



- Резервтік валюта – ұлттық валюта қорын сақтау мақсатында қолданылатын ұлттық, аймақтық және әлемдік валюта жиынтығы. Резервтік валюта қоры көп елдер қатарына экономикалық даму дәрежесі жоғары елдер жатады.




- Халықаралық несие нарығы – елдер арасындағы өзара қарыз бен несие беру, төлем жасауды ұйымдастыратын келісімдер жүйесі болып табылады.







- Халықаралық инвестиция нарығы- экономикалық дәрежесі жоғары елдердің өз қаражатының қомақты бөлігін неғұрлым даму дәрежесі төмен елдердің алдыңғы қатарлы өндіріс саласын дамытуға салу.



- Қазақстан экономикасына шетел инвестицияның келуі 10 млрд доллардан асты. Шетелдік тікелей инвестицияның Қазақстан экономикасына салыну мөлшері бойынша 1- орында Жапония – 25,4%,
- 2-орында АҚШ-21,5%, 3-орында Ұлыбритания – 17%-ын иеленеді.

- Валюталарын жаз.
- АҚШ
- Жапония
- Ұлыбритания
- Қазақстан
- Ресей
- Канада
- Қытай
- Өзбекстан
- Италия
- Франция

- Валюта деген не? Оның түрлерін жаз?
- Инвестиция деген не? Оның түрлерін жаз?

- Үйге тапсырма
- §41-42 оқу.Қазақстанның  
ұлттық валютасы туралы  
ақпарат қарастырып дәптерге  
жазып келу.